KASE

# АПТАЛЫҒЫ

09–12 шілде, 2024



## KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- Облигациялардың кірістілігін және облигациялармен жасалған мәмілелер сомаларын есептеу әдістемесіне енгізілдген толықтыру қолданысқа енгізілді.
- KASE ресми тізіміне жергілікті атқарушы органдар облигацияларының екі шығарылымы, жергілікті атқарушы органдар облигацияларының төрт шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің US29874QFA76 (EBRDe26) халықаралық облигациялары, "Bereke Bank" АҚ KZ2C00011641 (BERKb18) облигациялары енгізілді.
- KASE ресми тізімінен айналым мерзімінің аяқталуына байланысты "Арнур Кредит" МҚҰ" ЖШС KZ2P00008386 (MFACb1) облигациялары, Еуразиялық даму банкінің XS2361431476 (EABRe4) және АҚШ Қаржы министрлігінің US912797GB79 (US110_2407) халықаралық облигациялары алынып тасталды.
- KASE-де "R-Finance "микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00011398 (MFRFb13), "Home Credit Bank" АҚ KZ2C00011401 (HCBNb15), "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00010544 (KFUSb65), Қазақстанның Даму Банкі" АҚ KZ2C00009405 (BRKZb30) және KZ2C00009413 (BRKZb31) ", Азия Даму Банкінің US045167FW84 (ASDBe17) халықаралық облигациялары және АҚШ Қаржы министрлігі US912797HE00 (US_89_2410) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE халықаралық қаржы корпорациясының XS2725046283 (IFC_e7) халықаралық облигацияларымен сауда-саттықты қайта бастады.

## ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 39,1 млн МЕУКАМ KZKD00001251 (MUM072_0015), 52,9 млн МЕУКАМ KZKD00000915 (MUM108_0012), 82,2 млн МЕУКАМ KZKD00001103 (MUM156_0007), 43,5 млн МЕУКАМ KZKD00000543 (MUM192_0002) және 43,9 млн МЕУКАМ KZKD00000550 (MUM240_0001) орналастырды.
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ KASE-де KZ2C00009405 (BRKZb30) облигацияларын орналастыра отырып, $6,8 млн тартты.
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ KASE-де KZ2C00009413 (BRKZb31) облигацияларын орналастыру арқылы $31,6 млн тартты.
- Қызылорда облысы мен Астана қаласының әкімдіктері KASE-де 30,5 млрд теңге тартты.
- "АК Алтыналмас" АҚ KASE-де 33,6 млрд теңге сомасына өзінің KZ1C00001080 (ALMS) жай акцияларын 2,0 млн кері сатып алды.
- "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Груп)" ЖШС KASE-де жазылым жүргізу арқылы KZ2P00011604 (CLSGb4) облигацияларын орналастыра отырып, 3,0 млрд теңге және KZ2P00011612 (CLSGb5) облигацияларын орналастыра отырып, 2,0 млрд теңге тартты.
- "Қазақстандық тұрғын үй компаниясы" АҚ KASE-де KZ2C00007649 (KZIKb38) облигацияларын орналастыру арқылы 90,0 млрд теңге тартты.
- "A-cars" ЖШС KASE-де KZ2P00011364 (ACER B1) "жасыл" облигацияларын орналастыра отырып, 500,0 млн теңге тартты.
- "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00010544 (KFUSb65) облигацияларын орналастыру арқылы 9,9 млрд теңге тартты.
- "ЕлОрда Арнау" ЖШС KASE-де өзінің KZ2P00009996 (EOARb1) облигацияларын 3,2 млрд теңге сомасына 2,6 млн кері сатып алды.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстандық тұрғын үй компаниясы" АҚ Fitch Ratings агенттігінің компания рейтингтерін растағаны туралы хабарлады, болжам "Тұрақты".
- "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық мөлшерлемесінің өзгергені туралы хабарлайды.

| 12.07.2024 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 5 235,58 | -0,7 | 4,8 |
| Өтімділіктің бірінші сыныбы | Бағасы | Δ 7к | Δ 1а |
| Apple Inc. | 237,42 | 6,8 | 18,1 |
| Intel Corporation | 34,01 | 6,6 | 11,5 |
| Advanced Micro Devices, Inc. | 183,36 | 6,6 | 15,9 |
| АО "Национальная компания "КазМунай | 13 480,00 | 6,6 | 7,8 |
| Pfizer Inc. | 868,80 | 3,5 | 3,2 |
| АО "KM GOLD" | 110,99 | 2,8 | -2,2 |
| АО "Казахтелеком" | 39 105,00 | 1,5 | 14,3 |
| АО "Банк ЦентрКредит" | 1 987,02 | 1,4 | 8,0 |
| АО "KEGOC" | 1 482,50 | 0,4 | -0,4 |
| Freedom Holding Corp. | 78,28 | 0,3 | 4,2 |
| AltynGold plc | 801,11 | -0,1 | 0,1 |
| АО "КазТрансОйл" | 827,99 | -0,1 | -0,1 |
| АО "Народный Банк Казахстана" | 206,60 | -0,5 | 1,3 |
| АО "Народный Банк Казахстана" | 206,60 | -0,5 | 1,3 |
| АО "Казахстанская фондовая биржа" | 79 799,00 | -0,7 | -7,2 |
| АО "ForteBank" | 5,55 | -0,9 | -7,5 |
| АО Kaspi.kz | 63 814,00 | -1,6 | 11,9 |
| АО Kaspi.kz | 63 814,00 | -1,6 | 11,9 |
| АО "Эйр Астана" | 868,80 | -2,2 | -2,9 |
| АО "BCC Invest" - дочерняя организация | 9 150,06 | -3,4 | -3,2 |
| АО "НАК "Казатомпром"" | 18 960,50 | -3,4 | 3,2 |
| Tesla, Inc. | 240,46 | -3,4 | 34,7 |
| АО "Кселл" | 2 894,90 | -6,3 | -4,5 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

**KASE Индексінің акциялары**




**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**




Өткен аптада KASE Индексі 5 шілдеде қол жеткізілген кезекті тарихи максимум 5 288 тармақтан 5 236 тармаққа дейін 0,7 %-ға төмендеді.

Аптаның көшбасшысы ҚазМұнайГаз акциялары болды, олар бір апта ішінде 7 %-ды бағасын қосып, жаңа тарихи максимум – бір акция үшін 13 480 теңгені тіркеді. Сонымен қатар, компания үшін сыртқы фон бейтарап болды. Өткен аптада қыркүйек айында жеткізілетін Brent маркалы мұнайдың бағасы 1 %-ға өсіп, барреліне 82-83 АҚШ доллары аралығында саудаланды.

Мұнай секторының тағы бір өкілі, ҚазТрансОйл компаниясы, керісінше, бір акция үшін 823 теңге деңгейіне дейін 0,1 %-ға аздап төмендегенін көрсетті. Компанияның инвесторлары 2024 жылдың 1 жартыжылдығында қаржылық есептіліктің жариялануын күтуде.

KASE индексіндегі қаржы саласы өкілдерінің акциялары аралас динамиканы көрсетті:

ЦентрКредит Банкі бағаға 1 % қосты, ал Halyk Bank және Kaspi.kz бір апта ішінде тиісінше 0,5 % және 2 % төмендеді. Естеріңізге сала кетейік, S & P Global Ratings халықаралық шкала бойынша Kaspi Bank рейтингін "BB+" деңгейіне көтерді. Сондай-ақ, инвесторлар Kaspi.kz 22 шілдеге жоспарланған 2024 жылдың 1 жартыжылдығы мен 2 тоқсанындағы аралық қаржылық есептілік жарияланады деп күтілуде.

KASE Индексінің телекоммуникациялық өкілдері де көп бағытты сауда жасады: Кселл акциялары бір аптада 6 %-ға 2 895 теңгеге дейін төмендеді, ал Қазақтелеком акциялары 1 %-ға 39 105 теңге деңгейіне дейін өсті.

Өткен аптада Қазатомөнеркәсіп акциялары нарықтық құнының 3% жоғалтты. Бұл сатылым уранға ТКС (НДПИ) есептеу үшін сараланған тәсілді енгізумен байланысты болуы мүмкін. 2026 жылдан бастап Қазатомөнеркәсіптің бірлескен және еншілес кәсіпорындарына сараланған мөлшерлемелер бойынша тау-кен салығы салынатын болады. 2025 жылға арналған уран өндіруге салынатын салық ставкасы 9 % құрайды, ал ағымдағы 2024 жылдағы мөлшерлеме 6 % құрайды. Сонымен қатар, компания үшін сыртқы фон қолайлы болды: уранның әлемдік бағасы 1 %-ға өсті.

Сонымен қатар, Эйр Астана 2024 жылдың 2-8 шілдесі аралығында сатып алу бағдарламасына сәйкес жалпы сомасы 40 мың АҚШ долларын құрайтын 5 мың жаһандық депозитарлық қолхат сатып алғанын хабарлады. Бұл жолы сатып алу тек Лондон қор биржасында болды. Авиатасымалдаушының акциялары өткен аптада 2 %-ға, 869 теңгеге дейін төмендеді.

Өткен аптаның соңында ақша нарығындағы кірістілік төмендеді. Репо нарығындағы соңғы сауда-саттыққа сәйкес, TONIA индикаторы 13,03 %, ал TWINA индикаторы 13,19 % құрады.

**Инфляция және пайыздық мөлшерлеме**




**ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері**




**Тәуекелсіз қисық кірістілігі**



Маусым айының қорытындысы бойынша, теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 471,84 теңгеге дейін 5,5%-ға әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 251 млн АҚШ долларынан 183 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 3,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін маусым айында 420 млн АҚШ долларына валюта сатылды. Ұлттық қордан сату үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 11%-ын және күніне 21 млн АҚШ долларынан аспайтын мөлшерді құрады. Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейінде ұстап тұру үшін маусымда биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жалғастырды. Оның жалпы сомасы 293 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 8%-ын құрады.

Ұлттық Банк маусымда валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Республикалық бюджетке трансферттер бөлуге Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша 2024 жылғы шілдеде Ұлттық Банк Ұлттық қордан 450 млн АҚШ долларынан 550 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатылуын күтеді.

2024 жылғы шілдеде БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін 250 млн АҚШ долларынан 350 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатып алу күтілуде.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.24)**




| | Бағасы | Δ 7к, % | Δ 30к, % | Δ 2024, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 615,69 | 1,11 | 6,57 | 9,72 |
| USDKZT | 475,03 | -0,26 | 5,45 | 2,51 |
| EURKZT | 517,21 | 0,34 | 6,52 | 4,39 |
| CNYKZT | 65,51 | -0,06 | 5,29 | -2,17 |
| RUBKZT | 5,44 | 0,55 | 7,52 | -15,55 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**

**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | 1а | 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 5 615,35 | 0,9 | 3,6 | 24,5 | 0,8 |
| Dow Jones | 40 000,90 | 1,6 | 3,3 | 16,3 | 1,5 |
| РТС | 1 067,47 | -5,2 | -4,6 | 5,8 | 0,0 |
| ММВБ | 2 973,21 | -5,6 | -6,2 | 3,0 | 0,0 |
| Hang Seng | 18 293,38 | 2,8 | 2,0 | -5,5 | 3,5 |
| SS CSI 300 | 3 472,40 | 1,2 | -2,0 | -10,9 | 1,9 |
| Euro Stoxx 50 | 5 043,02 | 1,3 | 0,2 | 14,8 | 1,5 |
| FTSEuroFirst | 5 610,50 | 1,4 | 1,1 | 13,6 | 1,2 |
| FTSE 100 | 8 252,91 | 0,6 | 0,5 | 10,9 | 0,7 |
| KASE | 5 235,58 | -0,7 | 4,8 | 45,2 | |

## Шикізат нарығы 12.07.2024

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | 1а | 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 85,03 | -1,7 | 2,9 | 4,5 |
| Мұнай (WTI) | 82,21 | -1,1 | 4,7 | 6,9 |
| Табиғи газ | 2,33 | 0,4 | -23,5 | -8,5 |
| Мыс | 459,85 | -1,3 | 0,7 | 17,0 |
| Темір | 854,00 | -2,3 | -5,3 | -2,2 |
| Алтын | 2 411,43 | 0,8 | 3,2 | 23,1 |
| Күміс | 30,89 | -1,6 | 2,0 | 24,7 |
| Астық | 538,00 | -6,0 | -12,8 | -14,3 |

## Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

| | | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 15.07 | ЖІӨ (ж/ж) (2 тоқсан) | CNY | 4,7% | 5,3% |
| 15.07 | ФРЖ басшысы Пауэлл мырзаның сөзі | USD | | |
| 16.07 | Бөлшек сауда көлемі (а/а) (маусым) | USD | -0,2% | 0,1% |
| 17.07 | Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (маусым) | GBP | 1,9% | 2,0% |
| 11.07 | Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (маусым) | EUR | 2,5% | 2,6% |
| 11.07 | Шикі мұнай қоры | USD | | -3,443M |
| 12.07 | Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (шілде) | USD | 4,25% | 4,25% |

*Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Алдыңғы ай |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 8,4% | 01.07.24 | 8,5% |
| ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD | 39,8 | 01.06.24 | 39,9 |
| Ақша базасы, млрд KZT | 12 681,8 | 01.06.24 | 12 290,6 |
| Ақша масса, млрд KZT | 38 160,7 | 01.06.24 | 37 917,4 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-/A-3 тұрақты | 02.03.24 | BBB-/A-3 тұрақты |
| Moody's | Baa2/позитивті | 27.10.23 | Baa2/тұрақты |
| FitchRatings | BBB/тұрақты | 18.05.24 | BBB/тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ


**"Қазақстан қор биржасы"АҚ**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ "Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00





**Корпоративтік веб-сайт**

**Бізбен байланысыңыз**

**Листингілік компаниялардың корпоративтік оқиғалар күнтізбесі**

Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларын пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.


© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2023